

## Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 8 қазан N 3123.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.03.31. N 104  
Жарлығымен. ~U990104

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823  
Z962823\_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қаулы Етемін:

1. Қызылорда облысының Қызылорда қаласының аумағында 2007 жылға  
дейінгі кезеңге Қызылорда арнайы экономикалық аймағы құрылсын.

2. Қызылорда арнайы экономикалық аймағы туралы қоса беріліп отырған  
Е р е ж е б е к і т і л с і н .

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

N

3 1 2 3

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

## Қызылорда арнайы экономикалық аймағы туралы

### **ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығы талаптарының негізінде әзірленді, ол Қызылорда арнайы экономикалық аймағы аумағындағы шаруашылық қызметтің құқықтық және экономикалық негіздерін, Қызылорда арнайы экономикалық аймағы Әкімшілік кеңесінің өкілеттігін айқындайды және оның аумағында тіркелген барлық меншік нысанындағы ұйымдарға қолданылады.

### **I. Жалпы ережелер**

1. Қызылорда арнайы экономикалық аймағы (бұдан былай - Қызылорда АЭА)  
Қызылорда қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасының шегінде орналасқан.

Қызылорда АЭА-ның жалпы аумағы 82136 га.

Қызылорда АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.09.10.

№ 3628 жарлығымен. U973628\_

2. Қызылорда АЭА экономикасын республикалық және халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне интеграциялау негізінде экологиялық жағынан қолайсыз қалада элеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу үшін құрылып отыр. Осыған орай Қызылорда АЭА-ын құрудың негізгі мақсаттары:

қаланың өндіргіш күштерін интенсивті дамыту, кәсіпкерлік қызметті жандандыру арқылы ғылым мен техниканың және алдыңғы қатарлы технологияның осы заманғы жетістіктерін өндіріске енгізу, экспортқа бағдарланған тиімділігі жоғары өндірістер құру, жаңа өнім түрлерін шығаруды игеру, инвестицияларды, басқару тәжірибесін тарту, шетелдермен ғылыми-техникалық және сауда-экономикалық ынтымақтастықты интенсификациялау;

қаланың экспорттық мүмкіндіктерін арттыру, импортты алмастыратын өнімдер өндіруді дамыту жолымен аймақтың қолдағы табиғи ресурстарын ұтымды, кешенді игеру;

осы заманғы өндірістік және элеуметтік инфрақұрылым жасау; басқару мен шаруашылық жүргізудің осы заманғы әдістерін енгізу; элеуметтік-экологиялық проблемаларды шешу болып табылады.

3. Қызылорда АЭА-ның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы № 2823 Заң күші бар Жарлығымен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен, сондай-ақ осы Ережемен реттеледі. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдардағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **II. Қызылорда АЭА-ын басқару**

4. Қызылорда АЭА-ның аумағындағы басқару органы Әкімшілік кеңес болып табылады, оны республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың, Қызылорда АЭА-ның аумағында тіркелген заңды тұлғалардың өкілдерінен оның төрағасы құрады.

5. Қызылорда АЭА-ның Әкімшілік кеңесі заңды тұлға болып табылады, ол оқшауланған мүлікті иеленеді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктілік емес

құқықтар ала алады, өзіне міндеттемелер алады, сотта қуынушы және жауапкер бола алады, сондай-ақ өзінің атауы жазылған елтаңбалы мөрі мен басқа да қажетті деректемелері болады.

6. Әкімшілік кеңесті Қызылорда қаласының әкімі басқарады, ол сонымен бір мезгілде Қызылорда АЭА-ның Әкімшілік Кеңесінің төрағасы болып табылады.

7. Әкімшілік кеңес отырыстарын оның төрағасы айына кемінде бір рет өткізеді. Әкімшілік кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және Қызылорда АЭА-ның аумағында орналасқан (тұратын) және жұмыс істейтін барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

8. Әкімшілік кеңестің төрағасы Әкімшілік кеңес атынан сенімхатсыз-ақ өкілдік етеді, мемлекеттік органдарда, отандық және шетелдік кәсіпорындарда, фирмалар мен ұйымдарда оның мүддесін білдіреді, Әкімшілік кеңестің мүлкі мен ақша қаражатына иелік етеді, шарттар, соның ішінде еңбек шарттарын жасасады, банктерде есеп айырысу, валюталық және басқа шоттар ашады, сенімхаттар береді, өз құзыреті шегінде шешімдер мен өкімдер шығарады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Әкімшілік кеңес пен Қызылорда қаласының өкілді органы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы заңдарымен реттеледі.

10. Қызылорда АЭА-ы Әкімшілік кеңесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысының Қызылорда қаласы.

### III. Қызылорда АЭА-ы Әкімшілік кеңесінің өкілеттіктері

11. Қызылорда АЭА-ның Әкімшілік кеңесі:

АЭА-ты дамыту бағдарламасын әзірлейді және жүзеге асырады;  
АЭА-ның бюджетін қалыптастырады, бюджет қаражатын пайдалану бағытын айқындайды;

отандық және шетелдік инвестициялар мен кредит қаражаттарын тартуды жүзеге асырады;

АЭА аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын реттеуге жәрдемдеседі;

қажет болған жағдайда АЭА-ның құқықтық режимін өзгерту жөнінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

Зандарға сәйкес жерді пайдалану, АЭА аумағында орналасқан үй-жайлар мен

ғимараттарды жалдау, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін жеңілдікпен пайдалану мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;  
заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын және АЭА аумағына келу және АЭА аумағынан кету жөніндегі рұқсат беру функциясын орындайтын органдардың қызметіне қажетті жағдайлар жасайды;  
АЭА-тан тыс жерлерде Әкімшілік кеңестің өкілдіктерін ашу туралы шешім қабылдайды ;  
Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады .

## I V . Қ а р ж ы

12. Қызылорда АЭА-ның бюджетін оның Әкімшілік кеңесі қалыптастырады. Қызылорда АЭА бюджетінің кірісіне заңды және жеке тұлғалар төлейтін жалпымемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдар, АЭА аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген заңды және жеке тұлғалар төлейтін жергілікті салықтар мен алымдар есептеледі.

Қызылорда АЭА-ның Әкімшілік кеңесі бюджеттің теңдестіріліп атқарылуы үшін жауап береді және түскен кірістер шегінде республикалық бюджет бекітетін нормалар бойынша шығыстарды жүзеге асырады.

Қызылорда АЭА бюджетінің облыстық бюджетпен өзара қарым-қатынасы оның 2007 жылға дейінгі кезеңге арналған даму бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ететін АЭА-ның бюджетіне түскен жалпы сомадан аударылатын ұзақ мерзімді тұрақты нормативтер арқылы белгіленеді. Облыстық бюджетке аудару нормативті 1997 жылға - 20%, ал 1998 жылдан бастап - Қызылорда АЭА-ы жұмыс істейтін барлық кезеңде 40% мөлшерінде белгіленеді.

Жоғары тұрған бюджетке аударымдар ай сайын есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 10-нан кешіктірілмей жүргізіледі.

Арнаулы бюджеттен тыс қорларға жасалатын Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген төлемдер АЭА бюджетін қалыптастыру көзі болып табылмайды .

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.09.10.

№ 3628 жарлығымен. У973628\_

13. Қызылорда АЭА-ның Әкімшілік кеңесі Қызылорда АЭА-ның экономикалық және әлеуметтік даму қорын құрады.

Қызылорда АЭА-ның экономикалық және әлеуметтік даму қоры бос бюджет қаражаты, аударымдар мен салықтық емес сипаттағы алымдар, саудаластық жасаудан, аймақтық лотереялар, заемдар өткізуден түскен кірістер, заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырымалдығы есебінен құралады.

Қызылорда АЭА-ның экономикалық және әлеуметтік даму қорының қаражаты заңда айқындалған тәртіппен бюджеттен тыс шоттарға жиналды және Қызылорда АЭА-ның даму бағдарламасында көзделген шараларды қаржыландыруға; халық тұтынатын тауарларды өндіру жөніндегі қуаттарды құру мен кеңейтуге және халыққа қызмет көрсетуге;

кадрларды даярлауға және АЭА-ның жұмыс мен дамуы қажет ететін басқа мақсаттарға жұмсалады.

(төртінші абзац)

Қызылорда АЭА-ның экономикалық және әлеуметтік даму қорының қаражатын Қызылорда АЭА-ның Әкімшілік кеңесінің төрағасы басқарады және иелік етеді.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгертілді, 4-абзац алынып тасталды - ҚР

Президентінің 1997.09.10. N 3628 жарлығымен.

U973628\_

## V. Кредит жүйесі

14. Қызылорда АЭА-ның аумағында банк-кредит жүйесін өз қызметін Қызылорда АЭА аумағында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жергілікті бөлімшесі, екінші деңгейдегі банктер мен олардың бөлімшелері құрайды.

## VI. Салық салу

15. Қызылорда АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

16. АЭА аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жеңілдікті салық салу режимі қолданылады.

## VII. Кедендік реттеу

17. Қызылорда АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасы аумағының бөлігі ретінде қарастырылады, онда еркін кеден аймағының режимі қолданылады. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қызылорда АЭА-ның аумағындағы тауарларға кедендік бақылауды жүзеге асырады.

18. Шетел және Қазақстан тауарларын Қызылорда АЭА-ына әкелу кезінде кеден баждары мен салықтар алынбайды және экономикалық саясат шаралары қолданылмайды жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1997.09.10. N 3628 жарлығымен. U973628\_

19. Толығымен Қызылорда АЭА-ның аумағында өндірілген немесе кеден заңдарында белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті түрде қайта өңдеуден өткізілген тауарларға оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспортқа шығарған кезде кеден бажы алынбайды және экономикалық саясат шаралары қолданылмайды.

20. Тауарларды Қызылорда АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне шығарған кезде және тауарларды Қызылорда АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығарған кезде тауарлардың шығу негізіне қарай кеден бажы мен салық алынады және экономикалық саясат шаралары қолданылады.

Тауарларды Қызылорда АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне әкелген кезде тауарлардың СТ-1 нысанында шығарылғаны туралы сертификаттары болса, Кеден одағына қатысушы елдердің тауарларына, сондай-ақ толығымен Қызылорда АЭА-ы аумағында өндірілген немесе Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті түрде қайта өңдеуден өткізілген тауарларға кеден бажы салынбайды.

21. АЭА-ның аумағына әкелінетін және экспорт режиміне сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттауға арналған тауарларды кедендік ресімдеу кеден ісі жөніндегі нормативтік актілерді айқындалған тәртіппен кеден бажы мен салық алынбай және экономикалық саясат шаралары қолданылмай жүзеге асырылады.

22. АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттауға жататын тауарлар Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне қайтарылған кезде немесе белгіленген мерзім ішінде іс жүзінде экспортқа шығарылмаған жағдайда кеден бажы мен салық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін қайта

қаржыландырудың ресми проценттік ставкасы бойынша проценттер төленеді.

23. АЭА-ның аумағына тауарлар әкелу және әкету Қызылорда АЭА-ның әкімшілік-аумақтық шекарасында орналасқан арнаулы кеден бекеттері арқылы жүргізіледі.

24. Қазақстан Республикасының кеден заңдарында, сондай-ақ осы Ережеде белгіленген тәртіптің бұзылғаны үшін Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген жауапкершілік шаралары қолданылады.

### VIII. Қызылорда АЭА-ның шаруашылық жүргізуші субъектілерін тіркеу

25. Қызылорда АЭА-ның аумағында құрылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктердің есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### IX. Қызылорда АЭА-ның аумағында шаруашылық қызметті лицензиялау

26. Қызылорда АЭА-ның аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыратын қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

### X. Шетел азаматтарының Қызылорда АЭА-да болу тәртібі

27. Қызылорда АЭА-ның аумағында шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келуі, кетуі, транзитті және болуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық келісімдерде белгіленген тәртіп қолданылады.

### XI. Қорытынды ережелер

28. Қызылорда қаласы үшін АЭА мәртебесі 2007 жылға дейінгі мерзімге белгіленген.

29. Қызылорда АЭА-ы "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығында көзделген негіздер б о й ы н ш а т а р а т ы л а д ы .

30. Қызылорда АЭА-ы құрылған мерзімі өткеннен кейін таратылатын жағдайда оның Әкімшілік Кеңесі Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президентіне өзінің қызметі туралы есебін, ал тиімді деп тапқан жағдайда - қосымша мерзімге АЭА-ның мәртебесін ұзарту туралы негізделген ұсынысын ж о л д а й д ы .

31. Қызылорда АЭА-ның қызмет мерзімі өткеннен кейін Әкімшілік кеңесінің төрағасы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне Қызылорда АЭА-ның таратылу процесінде екені туралы мәліметті енгізу үшін Әкімшілік кеңесін тіркеуді жүргізген әділет органына оның тартылуы туралы жазбаша хабарлайды.

Сонымен бір мезгілде Әкімшілік кеңесінің төрағасы жергілікті және орталық баспасөз органдарында Қызылорда АЭА-ның таратылуы жөнінде, оның кредиторларының шағымдарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы хабарлама ж а р и я л а й д ы .

Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіміне бұл туралы жазба енгізілгеннен кейін Қызылорда АЭА-ын тарату аяқталған болып саналады. АЭА-ын тарату оның қызмет мерзімі өткен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей аяқталуға т и і с .

32. Егер Қазақстан Республикасының Президенті Қызылорда АЭА-ын мерзімінен бұрын тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда оны тарату рәсімі осы Ереженің 33-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

33. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Ж а р л ы ғ ы м е н өзгертілуі мүмкін.